

**Меншік құқығы
және өзге де
заттық құқықтар**

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ, МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ



МЕНШІК ЖӘНЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

Адамзат дамуының қандай да болсын тарихи кезеңдеріне көз жүгіртіп қарайтын болсақ, меншік мәселесі бірінші орында тұратындығын аңғарамыз. Меншік — адамзат қоғамындағы мәнді құбылыс, ол адамның өмір сүруінің негізі болып табылады. Жеке меншіктің пайда болуы Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим, т.б. сол сияқты мемлекеттердің қалыптасуы мен даму бағыттарын айқындады.

Қазақтың әдеп-ғұрып заңында жерге жеке меншік құқығы болған жоқ. Жеке меншікте тек мал мен мүлік болды. Меншік құқығын бекіту үшін малдың құлағына ен салатын.

Бүгінгі түсінік бойынша меншік құқығы дегеніміз — субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауына иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.



Меншік ҚҰҚЫҒЫ

Билік ету құқығы
құқықтық әрекеттер жасау
арқылы мүліктің тағдырын
белгілеу;

Пайдалану құқығы – мүлікті
іске асырып, пайдаға жарату;

Иелену құқығы –
меншіктенушінің мүлікке
деген шаруашылық
үстемдігі. Яғни мүліктің
несіне заң жүзінде бекітілуі;

МЕНШІК ТҮРЛЕРІ

Меншік дегеніміз - бұл жеке адамның затқа байланысты қарым қатынасы. Сондай-ақ меншік заң бойынша қорғалады. Біздің елімізде меншіктің заңдастырылған екі түрі бар: жеке меншік және мемлекеттік меншік. Қазақстан республикасының Конституциясына сәйкес олар бірдей мойындалады және қорғалады. Жеке меншік—бұл азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі, ал мемлекеттің иелігіндегі мүліктер мемлекеттік меншік болып есептеледі. Біздің еліміздегі нарықтық қатынастар мемлекеттік меншіктің әр түрлі формаларының қажеттілігін тудырады. Сондықтан да біздің елімізде мемлекеттік меншікті жеке меншікке айналдыру (приватизация) жүргізіліп жатыр.



МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ИЕМДЕНУ ТӘРТІБІ

Меншік құқығының пайда болу негіздерін бастапқы және туынды деп ажыратуға болады. Бастапқы негізге бұрын ешкімнің меншік құқығында болмаған мүлік жатқызылады, яғни, жаңа салынған үй, олжа, қараусыз жануарлар, т.б. Туынды негіз мүліктің бір тұлғадан екінші тұлғаға өтуі негізінде пайда болатын меншік құқығы, мысалы, келісім бойынша жасалуы мүмкін сату — сатып алу, айырбастау, сыйлау.

Қазақтың әдет-ғұрып заңында бірінші болып жерді басып алу құқығы болған, яғни кімде-кім бірінші болып қыстаудан көшіп, жаңа жерге орнығып алса, жайылым мен суат соның меншігі болып саналған.

Бұл құқық табиғи суаттарға ғана қатысты, ал жасанды суаттарға, құқықтар мен тоғандарға меншік құқығы осыларды жасаған адамдарға байланысты анықталған.



Меншік құқығының тоқтатылуы

Меншік құқығының тоқтатылуы өз еркімен және мәжбүрлі түрде жүзеге асырылады.

Мүлкті өз еркімен басқа тұлғаға беру, сату, меншік құқығынан бас тарту, мүлкті жою және т.б.

Мәжбүрлі түрде меншік құқығын тоқтату: тәркілеу, реквизиция, иесіз мәдени немесе тарихи маңызы бар мүліктерді сатып алу және т.б.
негізде жүргізіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

Мемлекеттік меншік құқығы дегеніміз мемлекеттің заң актілерімен танылған және қорғалатын, өзіне тиесілі мүлікті өз қалауы бойынша иемдену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Меншік құқығының мәнұны құқықтар мен міндеттердің жиынтығымен анықталады. ”Меншік иелерінің өз құқықтырын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді ” (Конституцияның 6 – бабының 2- тармағы). Яғни, мемлекет, мемлекеттік меншік объектілерінің бірден – бір меншік иесі ретінде, азаматтық құқықтарды, сондай – ақ міндеттерді жүзеге асырудың шектері мен қорғауды заң арқылы өзі үшін өзі анықтайды.



**Назарларыңызға
рахмет**